

Жәнібек ауданында біржолғы талондардың құнын және жекелеген салық төлем ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2009 жылғы 16 ақпандағы N 14-6 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 17 наурызда N 7-6-83 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2013 жылғы 30 қаңтардағы N 10-7 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 30.01.2013 N 10-7 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 422 бабы, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36 бабы негізінде аудандық мәслихат

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Базар аумағындағы дүнгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (окшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен занды тұлғаларға біржолғы талондардың құны 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қызметі дүркін-дүркін сипаттағы жеке тұлғаларға біржолғы талондардың құны 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Айна салық салу біrlігіне тіркелген бірыңғай жиынтық салық ставкалары 3 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

4. Жәнібек аудандық мәслихатының "Бір жолғы талондардың құны, тіркелген жиынтық салық ставкаларын және сыртқы (көрнелі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақыларын белгілеу туралы" 2008 жылғы 20 қазандағы N 11-4 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 7-6-72 тіркелген, 2008 жылғы 28 қарашада, 15 желтоқсанда, 19 желтоқсанда аудандық "Шұғыла" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 16 ақпандасы
N 14-6 шешіміне 1 қосымша

**Базар аумағындағы дүнгіршектердегі, стационарлық
үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы
қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар
орындау, қызметтер көрсете жөніндегі қызметтерді
жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер
мен заңды тұлғаларға біржолғы талондардың құны**

N	Атауы	Бір күнге біржолғы талондардың құны (тенге)
	Азық-тұлік тауарларын сату:	
1	1) прилавкадан	140
	2) үстелден	11
	Өнеркәсіп тауарларын сату:	
2	1) прилавкадан	175
	2) үстелден	58
	Үй жануарларын тірілей сату – 1 басқа шаққанда	
3	1) қой, ешкі	58
	2) сиыр, жылқы	116
	Автокөліктеден сату:	
4	1) женіл автокөліктен	116
	2) жүк автокөліктен	292

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 16 ақпандасы
N 14-6 шешіміне N 2 қосымша

**Қызметі дүркін-дүркін сипаттағы жеке
тұлғаларға біржолғы талондардың құны**

N	Қызмет түрлерінің тізбесі	Бір күнге бір реттік талондардың құны (тенге)
	Сату (тұрақты үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтен басқасы):	
	1) газеттер мен журналдар	11
	2) тұқым, сондай-ақ отырғызалатын материал (екпелер, көшет)	23
	3) бақша дақылдарын	93
	4) саяжаларда және үй маңындағы участекелерде өсірлген табиғи гүлдерді	58
	5) қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшалық және саяжай участекелерінің өнімдерін	58
	6) жануарлар мен құстардың жемдерін	58

1	7) сипыртқылар, сипырғылар, орман жидегін, бал, саңырауқұлак және балық сатуды (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда)	58
2	Жер участкерін өндөу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	116
3	Үй жануарлары мен құстарын бағуды жүзеге асыратын жеке тұлғалар	35

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 16 ақпрандағы
N 14-6 шешіміне N 3 қосымша

Айна салық салу бірлігіне тіркелген бірынғай жиынтық салық ставкалары

N	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ақшасыз ұтыс ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ақшасыз ұтыссы ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3